

Өскемен қаласындағы иттер мен мысықтарды ұстау ережесі туралы

Күшін жойған

ІІ шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 5/10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 29 сәуірде N 1758 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 23/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының 2010.04.16 N 23/6 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339-ІІ Заңының 10 бабына сәйкес, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 311 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 6 бабының 8 тармағына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Өскемен қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі" бекітілсін (қ о с ы м ш а) .

2. Қалалық мәслихаттың 1996 жылғы 12 сәуірдегі "Өскемен қаласындағы иттер, мысықтар және жыртқыш жануарларды ұстау Ережесі" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Сессия төрағасы

Қ а л а л ы қ

2 0 0 4

N

қосымша

ж ы л ғ ы

5 / 1 0

0 8

м ә с л и х а т т ы ң

с ә у і р д е г і

ш е ш і м і н е

Өскемен қаласындағы иттер мен мысықтарды ұстау ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже қала аумақтарында иттері мен мысықтары бар барлық заңды және жеке тұлғаларға таратылады, бұдан әрі мәтін бойынша "Иеленуші".

2. Иттері, мысықтары бар иеленушілер жалпы пайдаланудағы орындарды осы жануарлармен ластауға жол бермеуді (олардың артынан міндетті түрде жинау), санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық нормалар мен оларды ұстау

ережелерін қатаң сақтауға, сондай-ақ адамдардың қауіпсіздігін міндетті түрде қамтамасыз етуге, үйде сағат 23-00-ден 7-00-ге дейін тыныштықты қамтамасыз етуге міндетті.

3. 2 тармақта көрсетілген талаптарды сақтау кезінде, ұстауға рұқсат етіледі:

1) жеке үйлерде иттер-тек қана жақсы қоршалған аумақтарда, иттің бар екендігі туралы кіреберісте ескертетін жазу болу керек;

2) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қызмет рұқсатымен балалар мен жасөспірімдер мекемелерінде, жазғы және қысқы сауықтыру санитарлық-курорттық мекемелерде (санаториялар, демалу орындары, пансионаттар) "зообұрыштарда", "тірі бұрыштарда" иттер, мысықтар мен басқа жануарлар;

3) мекемелер мен ұйымдардағы күзет иттерді тек қана байлауда немесе вольерлерде;

4) тыйым салынатын жазулар жоқ болса, мекемелерде, азық-түлік емес дүкендерде, поштада тұмылдырықпен және қысқа баулы итпен иесі болса рұқсат етіледі.

4. Қалалық көліктерде иттер мен мысықтарды тасымалдау жолаушыларды мазаламау шартымен жүзеге асырылуы керек. Жануарлар не тұмылдырықта, не арнайы бөліктерде, қолдорбаларда болу керек.

5. Қоғамдық орындарда иттерді адамдар ертіп жүрмесе (көшелерде, аула аумақтарында, бақтарда, саябақтарда және басқа жерлерде) иелері байлауда қалдырғандардан басқасы, қаңғып жүрген деп есептеліп, қаңғыбас кезбе және өлген жануарлар өлексесін жинау және 5 тәулік ішінде оларды вольерлерде ұстау бойынша арнайы мекемемен міндетті түрде ұстауға жатады.

Бес тәулік ішінде иттердің иелері жануарларды қайтарып алу үшін қаңғыбас кезбе жануарларды ұстау бойынша арнайы мекемеге немесе "Өскемен қаласының көріктендіру басқармасы" мемлекеттік мекемесіне хабарласа алады.

2. Иттер мен мысықтар иелерінің міндеттері

6. Жануарлардың иелері міндетті:

1) сатып алған кезден бастап екі апта мерзімінде өз жануарларын, әсіресе күрескер тұқымдас иттердің (америкалық питбультерьер, америкалық стаффордширский терьер, бультерьер, америкалық бульдог) иелері Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық Министрлігінің қалалық аумақтық басқармасының ветеринарлық инспекция бөліміне өз жануарларын тіркеуге;

2) жануарларға жүйелі егуді жүргізуге;

3) итпен келтірілген жарақаттар туралы, ит тістеп алған жағдайда медициналық мекемелерге, қалалық ветеринарлық станцияларға тез хабарлауға;

4) адамдар мен жануарларды тістеген немесе оларға жарақаттану келтірген иттерді, қарау және карантиндік іс-шаралар қолдану үшін қалалық ветеринарлық станцияларға тез жеткізуге;

5) көшелерде итпен тек қана қысқа баумен, үлкен ит болса-тұмылдырықпен өтуге;

6) пайдалануында жер учаскесі бар болған жағдайда жақсы қоршалған аумақта иттерді еркін немесе байлауда қыдыртуына. Иттің бар екені туралы учаскеге кіретін жерде тиісті ескертетін жазу болуы керек;

7) иесі жануарды оның биологиялық қажеттілігіне сай ұстауға, онымен дұрыс қарым-қатынас жасауға, қараусыз, тамақ пен сусыз қалдырмауға, ал ауырса-уақытында ветеринарлық көмек көрсетуге міндетті;

8) аулаларды, кіреберістерді, баспалдақ бөліктерін, лифттерді, балалар алаңдарын, жолдарды, жаяусоқпақтарды, саябақтарды, бақтарды, демалыс орындарын ластамау, ал ластаған жағдайда-арнайы бейімдеу көмегімен (пакет, қалақша) міндетті түрде жинауды жүзеге асыруға;

9) жануарды одан әрі ұстау мүмкіндігі болмаса, басқа адамға беру немесе ветеринарлық мекемеге өткізуіне;

10) жануар өліп қалса, оның өлексесін ветеринарлық немесе қаңғыбас кезбе және өлген жануарлар өлекселерін жинау бойынша арнайы мекемеге өткізуге.

7. Жануарлар иелеріне тыйым салынады:

1) жануарларды балалардың аула алаңдары, балалардың мектепке дейінгі мекемелері, мектептер мен оқу орындары, денсаулық сақтандыру нысандары, спорт алаңдары, бақтар, сутартқылар мен қалалық жағажай аумақтарында қыдыртуға;

2) мас күйіндегі адамдар мен 14 жасқа толмаған балаларға қоғамдық орындарда жануарларды қыдыртуға және олармен көлікке отыруға тыйым салынады;

3) жануарларды қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, сауда және азық-түлік дүкендерінің өндіріс залдарына әкелу мен ұстауға;

4) жалпы қолдану орындарында, кіреберістерде, баспалдақ бөліктері мен төбелерде, жертөлелерде, жатақханалардың дәліздерінде жануарларды ұстауға;

5) Өскемен қаласының аумақтарында иттер күресін өткізуге;

6) жануарлардың ветеринарлық анықтамалары мен құжаттары (төлқұжат, күшіктеу картасы, тұқымының сертификаты) жоқ болса, белгіленген орындардан басқа жерде күшіктер мен иттер, мысықтарды сатуға;

7) өлген жануарлар өлексесін тастауға немесе өз еркімен көмуге.

3. Жануар иесінің құқы

8. Кез келген жануар иесінің меншігі болып табылады, басқа меншік сияқты
з а ң м е н қ о р ғ а л а д ы .

9. Жануар құтырық ауруымен ауырған жағдайдан басқа кезде, иесінен оның
к е л і с і м і м е н ғ а н а а л ы н а д ы .

10. Иесі итін шектеулі уақытқа дүкен немесе басқа мекеме жанында (үлкен
итті-тұмылдырықта) қысқа баумен байлаулы қалдыруға құқы бар.

4. Осы ережелерді сақтамағаны үшін жануар иесінің жауапкершілігі

11. Иеленуші ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды сақтамағаны үшін
әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 310 бабына сәйкес жауап береді.

12. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жануарлар иелері Қазақстан
Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 311 бабына сәйкес
ж а у а п б е р е д і .

13. Жануарлармен қатыгез қарым-қатынасы үшін олардың өліміне немесе
мертігуіне әкеп соқса, иесі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің
276 бабына сәйкес қылмыстық жауап береді.

5. Иттер мен мысықтарды ұстау ережелерін қамтамасыз ету бойынша тұрғын үй кооперативтерінің, пәтерлер иелерінің кооперативтерінің, кондоминиумдардың міндеттері

14. Тұрғын үй кооперативтері, пәтерлер иелерінің кооперативтері,
к о н д о м и н и у м д а р м і н д е т т і :

1) пәтерлер иелерінің кооперативтеріне, тұрғын үй кооперативтеріне,
кондоминиумдарға бекітілген аумақтарда немесе кооперативтер маңындағы
құрылған белгілермен құрылыстардан босатылған шағын аудандар (мақалада)
аумақтарында иттерді қыдырту үшін орындар белгілеуге;

2) иттерді қыдыртуға белгіленген, аула аумақтарының санитарлық жағдайын
ұ с т а у ғ а ;

3) жануарлар кіріп кетпеу үшін, жертөлелерге, төбелерге және басқа қосалқы
үй-жайларға кіретін жерлерді жабық күйінде ұстауға;

4) өз аумақтарында иесіз мысықтар мен иттердің бар екені туралы
жануарларды ұстаумен айналысатын ұйымдарға хабарлауға.

6. Ветеринарлық қадағалау органдарының міндеттері

15. Ветеринарлық қадағалау органдары міндетті:

1) жануарлар иелерімен ветеринарлық-санитарлық іс-шаралардың

орындалуына, оларды орындау мерзіміне бақылау жасауға;

2) жануарлар ауруының алдын алу, жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан халықты қорғау, қалада ветеринарлық-санитарлық бақуаттылықты қамтамасыз ету мақсатында халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

3) жануарлар ауруының алдын алу мен емдеу бойынша жануарлар иелеріне біліктілік көмек көрсетуді жүзеге асыруға.

16. Ветеринарлық қадағалау органы жануарлар иелеріне көрсетілетін қызметтердің сапасына жауап береді.